

ның сыртқы пішінінде ғана емес, сонымен бірге оның мазмұнынан да байқалады. Нақтырақ айтсақ, Зылиха бейнесінің жаңа қырын (сюжетке кейіпкердің түсіндегі махаббатты енгізу) ашудағы басымдық түркі жұрты мен бүтін мұсылмандық шығыс поэзиясында Құлғалиға тиесілі.

Бертельс мұны Дүрбек дастанындағы жаңашылдық деп біледі. Әрине, ол ғалымның білместігі емес. Өйткені ол тұста дастанның жеке-леген версияларын ұсақ бөлшектеріне дейін салыстыра қарастыру, олар пайдаланған дерек көздерін зерттеу жағы енді ғана қолға алына бастаған болатын. Бізге оның Дүрбек дастанының даралық деңгейін анықтау үшін, оны парсылық түпнұсқамен салыстыра қарау қажет деген сөзі өте маңызды. Ғалым Лондонда сақталған қолжазбаның Әли дастанының жазылуына септігі тиген алғашқы материал болуы мүмкін екенін де көрсетеді. Бұл міндетті кейін Бертельстің шәкірті Э.Р.Рустамов орындап шықты. Ғалым сюжеттің прозалық нұсқасы саналатын «Анис ал-муридин уа шамс ал-маджалис» деген атпен мәлім болған Герат шейхы Абдолла Ансариге телініп келген лондондық нұсқаны зерттеп, оны Дүрбек дастанымен салыстырып қарастырды. Өзбек ғалымы екі версияның арасындағы байланысты сенімді түрде дәлелдеп берді. Құл Әли дастанымен Ансари шығармасын салыстыру барысында оның Әли версиясының да негізгі дерек көзі екені анықталды. Дұрысы, XIII ғасырда өмір сүрген түркі ақыны бұл дерек көзіне алғашқылардың бірі болып назар аударды. Жүсіп туралы сюжетті өлең өріміне енгізіп өңдеу тарихындағы көп-

теген мәселелердің жаңаша шешімін тапты. Одан кейін бұл тәпсірге Жәми ден қойды, сәл кейінірек Дүрбек және басқа түркі ақындары көңіл аударды.

Әли мұрасы мен «Жүсіп-Зылиха» дастанының түркі тіліндегі нұсқаларын зерттеп, тану мәселелерінен қазақ ғалымдары да шет қалған жоқ. Ұстаз-ғалым Алма Қыраубайқызы өзінің «Шығыстық қисса –дастандар» атты монографиясының ауқымды бөлігін Әлидің «Қисса Жүсібі» мен Ж.Шайхулисламовтың «Жүсіп-Зылиха» дастанының көркемдік ерекшеліктерін анықтауға арнады.

Ғалым алдымен Әли шығармасының зерттелу тарихы мен түрлі нұсқаларының сақталу деңгейіне ден қояды. Берлин, Дрезден, Қазан, Петербург қалаларында сақталған «Қисса Жүсіп» дастанының қолжазба үлгілерін басқа версиялармен бірлікте қарастыған Бертельс, Тагирджанов, Хисамов, Рустамов сынды белгілі ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайды.

Жалпы «Қисса Жүсіп» дастаны туралы жазған ғалымдар осы шығармадағы идеал әкім бейнесіне тоқталмай өтпейді. А.Қыраубайқызы еңбегінде аталмыш мотивтің көне түркі әдебиетіндегі орны мен оның Әли шығармасына әсер-ықпалы туралы айтылады. Автор Өтікенбектері, Баласағұндың ел басқарған билерге қояр талабын т.б. тілге тиек ете отырып, «XIII ғасырдағы түрік әдебиетінде осы дәстүрді жалғастырушы Әли «Қисса Жүсіпте» негізгі кейіпкер Жүсіп бейнесі арқылы «әділ де қадірлі патша қандай болу керек?» - деген сұраққа жауап іздейді “, - деп көрсетеді [6,68].

Әдебиеттер

- 1 Алмаз Ж. «Қисса-Иусуф» Али болгаро татарский памятник – В кн. Труды XXV международного конгресса востоковедов. – М: Наука, 1860.
- 2 Тагирджанов А.Т. Влияние поэмы Фирдоуси «Йусуф и Зулайха» на «Кисса и Йусуф» Али и «Йусуф и Зулайха» Шаяд Хамзы.- Палитинский сборник, 1870. Вып. 21
- 3 Наджип Э.Н. о языке памятника XIII века «Кысса- и Юсуф» Али – Советская тюркология, 1976. 2
- 4 Хисамов Н.Ш. Поэма «Кысса и Йусуф» Кулалы. – М.: Наука, 1979. - 252 стр.
- 5 Бертельс Е.Э. Литература народов средней Азии от древнейших времен до XV в. Новый мир. 1939/9с. 275
- 6 Қыраубаева А. Шығыстық қисса дастандар. - Алматы: Рауан, 1997. - 140 б.

References

- 1 Almaz Zh. «Kissa-Iusuf» Ali bulgaro tatarskiy pamyatnik – V kn. Trudy XXV mezhdunarodnogo kongressa vostokovedov Moskva. Nauka, 1860.
- 2 Tagirdzhanov A.T. Vlyanie poetry Firdousi «Yusuf i Zulayha» na «Kissa i Yusuf» Ali i «Yusuf i Zulayha» Shayad Hamzy.- Palitinskiy sbornik, 1870. Vyp. 21
- 3 Nadzhip E.N. o yazyke pamyatnika XIII veka «Kyssa- i Yusuf» Ali – Sovetskaya tyurkologiya. 1976. 2
- 4 Hisamov N.Sh. Poema «Kyssa i Yusuf» Kulaly. Moskva. Nauka, 1979. 252str.
- 5 Bertel's E.E. Literatura narodov sredney Aziy ot drevneyshih vremen do XVv. Novyj mir. 1939/9s. 275
- 6 Kyraubaeva A. Shygyстық қисса dastandar. Almaty: Rauan, 1997. 140 b.

ӘОЖ 82.02

С.Б. Жұмағұлов¹, А. Жүсіпова²¹Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-дың профессоры, ф.ғ.д., Қазақстан, Қарағанды қ.
E-mail: sagymbai.zhumagul@mail.ru²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: altynai-74@mail.ru**Қазақ прозасының зерттелуі (1970-1980 жылдарындағы еңбектер негізінде)**

Мақалада қазақ прозасының зерттелуі үрдісі қарастырылып, ұлттық сөз өнерінің жанрлық түрленуін саралауда типологиялық, герменевтикалық әдіс-тәсілдерді ұштастыра қолдану тәжірибесі талданады. Қазіргі қазақ романдарының сюжет пен композициясы, поэтикасы, тарихи роман, өнердің эстетикалық нысанасы зерттелген еңбектерге шолу жасалады.

Түйін сөздер: әдеби үрдіс, әдебиет теориясы, көркем бейне, қазақ романы, тип, характер, поэтика, әдеби дәстүр, стиль, эстетика, психологизм.

S.B. Zhumagulov, A. Zhusupova

Kazakh prose study (On the basis of published writings 1970-1980)

The article is about the process of literary and theoretical study of the modern Kazakh prose. The experience of using typological, hermeneutic techniques and methods for determining the evolution of genre and issues of poetics, art and the specific features of modern Kazakh literature was analyzed. The relevance of the scientific work on literary and theoretical study of the modern Kazakh prose is noted. The novelty of methodological approaches of literary definition of new aesthetic facets and poetic forms in the literary process of modern Kazakh literature of 1970-1980 are assessed. On the basis of the most important scientific works main achievements of estetic concept analysis on the theory and aesthetics of literature are identified. Thus the process of scientific and theoretical development of one of the most difficult direction of Kazakh literature, literary theory is traced.

Keywords: literary process, theory of literature, artistic image, Kazakh novel, type, nature, poetic, literary tradition, style, aesthetics, psychology.

С.Б. Жумагулов, А. Жусупова

Исследование казахской прозы (на основе трудов, изданных в 1970-1980 годы)

В статье рассматривается процесс литературно-теоретического изучения современной казахской прозы. Проанализирован опыт применения типологических, герменевтических приемов и методов определения жанровых эволюций и проблем поэтики, художественно-специфических особенностей современной казахской литературы. Отмечается научная актуальность работ по литературно-теоретическому изучению современной казахской прозы. Дается оценка новизны методологических подходов ученых-литературоведов к определению новых эстетических границей и поэтических форм в литературном процессе современной казахской литературы 1970-1980 годов. На основе важнейших научных трудов определены главные достижения анализа эстетические концепций по теории и эстетике литературы. Тем самым прослеживается процесс научно-теоретического развития одного из трудных направлений казахского литературоведения, теории литературы.

Ключевые слова: литературный процесс, теория литературы, художественный образ, казахский роман, тип, характер, поэтика, литературная традиция, стиль, эстетика, психологизм.

Қазақ сөз өнерінің түрлі жанрдағы көркемдік өрлеуі әдеби үрдістегі суреткерлік шеберлік пен поэтикалық қуаттың жаңа эстетикалық биікке көтерілуі барысын сын тезіне салумен қатар теориялық тұрғыдан жіті саралау талабын ұштай түсті. Сондықтан ұлттық әдебиеттану ғылымында жанр табиғатына дендей ену, сөз өнерінің сырлы әлемін әдеби-теориялық жағынан қарастыру мәселесінің зәрулігі өткір қойыла бастады. Жетекші ғалымдардан бастап

ғылыми әлеуетін таныта алған жаңа тың күштердің атсалысуымен әдебиет теориясының мәселелерін қазақ әдебиеті туындылары негізінде қарастырған ғылыми мақалалар жинағынан бастап арнаулы монографиялық еңбектерге дейінгі зерттеулер өзегіне ұласу белестерінен өтті. Атап айтқанда, осы бағыттағы әдеби-теориялық еңбектер арқауын біріншіден, қазіргі қазақ романдарының сюжет пен композициясы, поэтикасы, типтік характер, көркемдік даму мен дәстүр

жалғастығы құрады. Бұл арнада М.Атымұвтың «Идея және композиция» (1970), «Қазақ романдарының поэтикасы» (1976), «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет пен композиция проблемалары» (1979), А.Тұрбековтың «Реалистік роман және типтік характер» (1970), Ә.Шәріповтің «Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің проблемалары» (1973), З.Ахметовтың «Современное развитие казахской литературы и традиции казахской литературы» (1978), «Поэтика эпосы «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), Б.Наурызбаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі» (1979), Б.Майтановтың «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» (1982), «Көркемдік нәрі» (1983) еңбектері аталады. Екіншіден, қазақ романдарының табиғаты, тарихи роман Ш.Елеуқеновтің «Казахский роман и современность» (1968), З.Серікқалиевтің «Жылдар сазы» (1971), Ә.Кекілбаевтың «Дәуірмен бетпе бет» (1972), Мұрат Әуезовтің «Времен связущая нить» (1972), Р.Бердібаевтың «Қазақ романы» (1975), «Қазақ тарихи романы» (1979), Б.Шалабаевтың «История казахского романа» (1975), В.Владимировтың «Революцией призванный. Очерки историко-революционного романа Казахстана» (1976), Ж.Дәдебаевтың «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы М.Әуезов дәстүрі» (1981) зерттеулерінде қарастырылды. Үшіншіден, өнердің эстетикалық нысанасын көркемдік дамудағы дәстүр және жанашылдық тұрғысынан саралау М.Қаратаевтың «Әдебиет және эстетика» (1970), Р.Нұрғалиевтің «Өнер алды қызы тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), З.Серікқалиев, Э.Серікқалиеваның «Ақыл таразысы» (1975) зерттеулерінде жүзеге асты. Ал М.Қараевтың «Истоки реализма в казахской литературе» (1984), «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің кейбір мәселелері (XX ғасырдың бас кезі)» (1985) еңбектерінде көркемдік әдіс, соның ішінде Абай реализмінің XX ғасыр басындағы қазақтың демократияшыл әдебиетінде өрісті арна тауып, ілгерлеу жолына түскені зерделенді.

Сонымен қатар әдебиет теориясының оқулығы, әдебиет пәнін оқытуда теориялық талдаудың әдістемелік оқу құралдары және көмекші құралдарының зәрулігін өтеуде З.Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), Т.Ақшолақовтың «Көркем шығарманың компоненттерін оқыту» (1968), «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын талдау» (1975), «Көркем шығармаға талдау жасау» (1983), С.Дүкенбаевтың «Әдебиет теориясынан алғашқы ұғымдар. Көмекші құрал. 4-5 сыныптарға арналған»

(1981) сынды еңбектері жарық көрді. Бұл ретте Б.Майтановтың «Әрине, кеңестік кезеңде басты мәселе кеңес әдебиетінің даму жолы, Лениана, жаңа адам бейнесі, замандас тұлғасы, социалистік реализм принциптері төңірегінде табылды. Бұл жағдайлардың өз кезеңі үшін көкейкестілігін жоққа шығара алмаймыз. Сонымен қатар реализм, социалистік реализм, мазмұн мен пішін, ұлттық пен интернационалдық туралы зерттеулердің құнды сипаттары, мәтінді уақыт өңдеуіне түсіріп оқыса, әлі де мәнін жоғалта қойған жоқ. Оған тек аспаннан түскендей, бәрін де өзі біліп туған, басқалардың ақылы жетпеген тәрізді қарайтын түсініктен гөрі әсіреқызылдықтан ада, дұрыс, байыпты көзқарас қажет» деген байыпты пікірін назардан тыс қалдыра алмайтынымыз анық. Ең бастысы сын-зерттеулер мен ғылыми талдаулар әдеби үрдіс табиғатына орай туынды поэтикасына терең үңілу мен сонылық сипатын зерделеуде парасат пайымын ұстана отырып, шеберлік шыңындағы суреткерлер әлемін айшықтау мен батыл ізденістерінің күретамырын қарастыруда төл әдебиетіміздің өз ілкі қасиетінен туған табыстарын барынша танытуға, насихаттауға, оқырман танымына орнықтыруға күш салды. Оларда әлемдік әдебиеттің ажырағысыз бөлігі ұлттық сөз өнерінің жанрлық түрленуінің болмысын ауқымды қарастыру мен саралауда маркстік-лениндік эстетика аясында типологиялық, герменевтикалық әдіс-тәсілдер ұштастырыла қолданылғанын байқаймыз.

Әдебиет теориясының нақты бір проблемасын қазақ әдебиеті негізінде талдау өзегі етіп алған ғылыми мақалалар жинақтарын жариялау ісінің бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда жүйелі жолға қойылғаны да әдебиетші ғалымдардың теориялық таным-білігінің артқанын әрі эстетикалық толғам, теориялық талдау нақтылығындағы зерттеушілік бағыттағы жаңа ізденістер арнасының кеңейгенін көрсетеді. Атап айтқанда, сөз өнерінің сырлы әлемі түрлі аспектіде зерделенген «Қазақ әдебиетіндегі жанр проблемасы» (1971), «Әдебиеттану» (1972), «Стиль проблемасы» (1974), «Стиль сыры» (1974), «Сөз өнері» (1978), «Дәстүр және жанашылдық» (1980), «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» (1981), «Көркемдік кілті - шеберлік» (1985) атты ғылыми монографиялық сипаттағы жинақтар соны айқын танытады. М.Атымұвтың «Қазақ романдарының поэтикасы» еңбегінің жанашылдық сипаты қазіргі қазақ романдарының сюжет және композициясының теориялық тұрғыдан зерттелуі.

М.Әуезов роман-эпопеясының көркемдік ерекшелігі, С.Мұқанов романдарындағы өмір шындығын берудегі шеберлік қырлары, З.Шашкин, Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин, С.Жүнісов, З.Шүкіров, З.Қабдолов, С.Бақбергенов, Ж.Молдағалиев, М.Сүндетовтердің қазіргі заман тақырыбындағы романдарының композициялық сипаттары, образ сомдаудағы көркемдік тәсілдері, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов романдарындағы стильдік ізденістер талданған зерттеу қазіргі қазақ романының құрылысын композиция құру қағидасына қарай топтай отырып талдауда тың қадам жасады.

Қазақ әдебиетіндегі ұнамды образ және типтендіру мәселесі Абай шығармашылығындағы типтілік және эстетикалық мұрат, С.Мұқанов, З.Шашкин, Ғ.Сланов, Ә.Нұрпейісов туындыларындағы тақырып және көркемдік шешім, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы элеуметтік өмірдің мәні және типтендіру проблемасы, дәуір тынысы және замандастар бейнесі негізінде М.Хасеновтің «Ұнамды образ және типтендіру» (1966) кітабында алғаш қарастырылған болатын. Еңбек күрделі теориялық мәселедегі алғашқы тың қадам бола отырып, қазақ прозасындағы типтік характер табиғатында жан-жақты зерттелетін келелі мәселелерінде қолға алынуы тиіс тақырып арнасына із салған еді. Міне, А.Тұрбековтің «Реалистік роман және типтік характер» еңбегінде осы күрделі теориялық тақырып М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» эпикалық романдары негізінде реалистік сипат, идеялық және көркемдік ерекшеліктер, шындық болмыс пен соған орай қаламгер дүниетанымынан туындайтын көзқарас ұстанымы, конфликт және типтік характер жасаудағы әдіс-тәсілдер жүйелі зерделенді [1].

Ұлттық әдебиеттегі дәстүр жалғастығын әдеби даму үрдісімен тығыз байланыста саралаудың терең қатпарларындағы ғылыми қиындықтарды атамағанда оның түп-төркініне тарихи сабақтастық тұрғысынан бойлау кеңес дәуіріндегі идеологиялық қысыммен де сабақтас күрделі мәселе. Осы жағынан алғанда Ш.Елеуқенов, Ә.Шәріпов, З.Ахметов еңбектерінің өзектілігі де дәстүр ұласуы мен жаңашылдық сабақтастығына дендеп барып, ұлттық сипаттағы сөз өнерінің даму заңдылықтарын барынша дәлелдеуге күш салуында. Мәселен, Ш.Елеуқеновтің «Казахский роман и современность» (1968) кітабында қазіргі қазақ романы алғаш нақты зерттеу нысанына алынып, жүйелі

сараланды. Әдебиеттану ғылымының әдіснамалық негіздерінің жаңаша талдау өзегіне ойысып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық сипаттардың ұлттық топырақтағы құнарлы қайнарлардан өсіп-өнгенін жүйелі зерттеуде тың қадам жасаған Ш.Елеуқенов еңбегінде ұлттық прозаның бастапқы қайнарлары, яғни фольклордан бастап кейінгі реалистік әдебиет пен бүгінгі тақырып өрісі түрленген эпикалық романның арасындағы табиғи үйлесімнің көркемдік ұласудағы дәстүрлі арналары айқындалды [2]. Өз кезегінде З.Ахметовтің «Современное развитие и традиции казахской литературы» кітабы қазақ әдебиетіндегі эпикалық жанр табиғатын қарастыруда, сөз қисынының күрделі мәселелерін тұтастықта екшеуде типологиялық, құрылымдық тұрғыдан зерттеу әдісін ұштастыра қолдану талабында болған тың ізденістің айқын мысалы болып табылады [3].

Б.Майтановтың «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» еңбегі замандас бейнесін сомдаған қаламгерлердің дәстүр сабақтастығын меңгеру, көркемдік тәжірибе жетістіктерін жаңа стильдік өрнектермен жаңғыртып еселеуі, қаһарманның рухани-адамгершілік ізденістері, характер ашудағы психологизм мәселелерінде дендеп барған зерттеулердің бірі болды [4]. Бұл ретте еңбектің «Дәстүр жалғастығы», «Қаһарманның рухани-адамгершілік ізденістері», «Характер ашудағы психологизм табиғаты», «Ұлттық пен интернационалдық сипаттардың бірлігі» тарауларындағы мәтіндік талдаулардағы әдеби-теориялық түйіндер де тың ізденіс бағытын айқындайды. Зерттеуші осы бағыттағы жаңа методологиялық ұстанымдарды орнымен пайдалана білді. Бұл құбылыстың көкейкестілік сипаты әрдайым зор. Автор ғылыми мәні ауқымды да терең поэтика мен психологизм құбылыстарын өзара сабақтас қарастырды [5, 371].

Қазақ тарихи романдарының әдебиеттегі жетекші де басым бағытты құрауы жанр табиғатын жан-жақты зерттеу талабын алға шығарды. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы соңғы жиырма жыл ауқымында тарихи роман проблемасы әр қырынан зерттеліп, жеке арна тарта бастады» [6, 8]. Осы ғылыми арнаның бастауында тұрған, яғни қазақ тарихи романдарының табиғатын қарастырудағы Ш.Елеуқенов, З.Серікқалиев, Ә.Кекілбаев, М.Әуезов, Р.Бердібаев еңбектері айрықша аталады. Бұл еңбектерді тоғыстыратын басты өзек әдебиетшілердің қазақ тарихи романдарын теориялық жағынан терең зерделеуге ұлттық әдебиеттің өзіндік табиғаты тұрғысынан келуінде.

З.Серікқалиевтің «Жылдар сазы» әдеби сын-зерттеу кітабындағы «Проза парасаты», «Тарихи роман табиғаты», «Жылдар сазы» тарауларындағы проблемалық мәселелердің зерттеушілік маңызы тарихи романы табиғатына эстетикалық талғамдағы теориялық тереңдіктегі талдау өнерінің биігінен келуі [7]. Қазақ прозасындағы тарихи роман бастауларын, тарихи туынды ерекшелігін кеңінен саралаған зерттеуші қаламгерлердің суреттеліп отырған дәуір тынысын, заман ағысын беруде, уақыт рухын шынайы түйсіндіруде жанр жауапкершілігінен туындайтын күрделі мәселелерді өнердің табиғи көркемдік заңғарынан, шеберлік биігінен зерделейді. «Біз жазушы жасаған осы кесек характерлердің, өмір суретінің қаншалықты табиғи, көркем бейнеленгендігіне қарап характер логикасын қадағалай отырып, сол өткен заман рухына бойлаймыз. Автор көзқарасын, бағасын шығарманың өзінен, ішкі дүниесінен, бар әлемінен, көркемдік бітімінен аңғарамыз» деп түйеді.

«Концептуалдық жүйелі пікірге құралған философиялық» (Т.Тоқбергенов) сипаттағы күрделі теориялық зерттеулер қазақ әдебиеттануында тууы міндетті болатын. Міне, М.Әуезовтің «Времен связующая нить» зерттеуінің ғылыми өзектілігі мен сонылығы қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі ұлттық сипаттағы көркемдік бейнелердің сомдалу эволюциясын сөз өнерінің ұлттық ерекшеліктерімен тығыз бірлікте саралап, әдеби үрдістегі көркемдік ойлаудың түп төркіндерінің күретамырын құрайтын тарихи ойлау жүйесіндегі көшпенділер дүниетанымына сай қалыптасқан әрі ғасырлар бедеріндегі уақыт пен кеңістік арқауында үзілмеген ілкі қасиеттер желісімен бүгінгі дәуірдегі эстетикалық танымда дәнекерленіп жаңғыруын ашуында [8].

Р.Бердібаевтың «Қазақ романы» (1975), «Қазақ тарихи романы» (1979) еңбектері қазақ тарихи романын жүйелі зерттеудің әдіснамалық негіздерінің барынша жетілдіріле даму үстінде екенін айқындай түсті. Халық мәдениет университетінің тыңдаушыларына арналған «Қазақ романы» кітапшасында Р.Бердібаев ерлік пен өрлікке толы тарих қойнауындағы түркі жазуы, әл-Фараби мұрасын игеру - өткенге үңілудегі елдік сананың өсуі екенін байыптап, тарихи тақырыптағы туындылардың ұлт әдебиетінде санаулы екенін айта келіп, осы олқылықтың орынын толтырудағы Д.Досжановтың «Жібек жолы», «Отырар», І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» туындыларының маңызын баса көрсетеді. Зерттеуші І.Есенберлиннің аталған шығармасына кеңінен тоқталып, айрықша маңызын

«өзге маман түгіл тарихшыларымыздың өзі де әлі күнге дейін жете зерттеп болмаған кезең - ХҮ ғасыр оқиғаларын роман-хроника түрінде тұңғыш рет жүйелі өріп, аса көп керекті мағлұмат бере алатындығында. Қалың оқушы бұл кезге дейін ХҮ ғасырда Жәнібек пен Керей бастаған қазақ рулары Сарысу, Шу, Талас өзендерінің алқабында, Мойынқұм бойында алғаш рет қазақ хандығын құрды деген қысқа дерек-тен өзгені біле бермейтін. «Алмас қылыш» тарих кітаптарында жазылған сараң тұжырым-ның тасасында қаншама хикмет жатқанын нақ-тылы оқиғалардың хронологиялық ізіне түсе отырып кеңінен баян етеді» деп бағалайды.

Роман жанрын роман-хроника деп анықтай отырып, шығарманың басты идеясы «қазақ руларының бірлесу, бір хандық шеңберінде ынтымақ құру» [9,35] екенін дәлелдей көрсетеді. Ал, ғалымның «Қазақ тарихи романы» еңбегі әдебиетіміздегі тарихи романдардың жанрлық сипатын, даму үрдісін нақты зерттеу өзегі етіп алған алғашқы зерттеулердің бірі. Ғалым біріншіден, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік әлемін кемел туындының шығармашылық тарихы және суреткер зертханасы сынды маңызды мәселелермен тығыз байланыста қарастырса, екіншіден, С.Мұқанов, Д.Әбілев, А.Тоқмағанбетов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, Д.Досжановтардың тарихи тақырыптағы романдарын кеңінен талдайды. Қазақ тарихи романы жүйелі және тұтастықта сараланған зерттеудің тағы бір атап өтер ғылыми сипаты сол кездері өз оқырманына қайта жол тапқан М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің талдануы.

З.Қабдоловтың жоғары оқу орындарына арналған «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) оқу құралы А.Байтұрсынов ғылыми негізін қалаған, кейіннен Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов сынды білікті теоретиктер тарапынан тереңдетілген ұлттық әдеби-теориялық ізденістердің заңды жалғасы әрі әдебиеттану талабының ділгірлігінен туған жүйелі еңбек еді [10]. Зерттеудің «Әдебиет туралы жалпы түсінік», «Әдебиеттану, оның даму кезеңдері», «Образ және образдылық», «Әдебиеттегі мазмұн мен пішін», «Көркем әдебиеттің тілі», «Өлең – сөздің патшасы», «Әдебиеттің тектері мен түрлері», «Әдеби бет пен бағыт» тарауларында көркем әдебиеттің болмысы мен бітімі, әдеби шығарманың сыры мен сипаты, әдеби дамудың табиғаты ауқымды талданып, сөз өнерінің сырлы әлемі сараланды.

Әдебиеттанудың қандай да болмасын салаларының түйінді мәселелерін өнердің эстетика-